Науқастың нутриционды статусының дәлдігін әртүрлі дәрежесімен бағалауға болатын әдістердің бірқатары: антропометриялық, биохимиялық және иммунологиялық көрсеткіштерінің кешенінен тұрады.

Тамақтану статусын зерттеу бағдарламасын анықтауға міндетті түрде кіретін көрсеткіштер.

- Жалпы қан анализі (толық формуласымен)
- Жалпы зәр анализі
- Белокты алмасуды сипаттайтын көрсеткіштер (қан сары суында белоктын жалпы саны, белокты фракциялары және т.б.)
- Липидті алмасуды сипаттайтын көрсеткіштер (жалпы липид және липидті спектр және т.б.)
- Көмірсулы алмасуды сипаттайтын көрсеткіштер (қандағы глюкоза)
- Минералды алмасуды сипаттайтын көрсеткіштер (қан плазмасындағы темір, қан сарысуының темір байланыстыру қасиеті)
- Витаминмен қамтамасыз ету көрсеткіштері (қанда және зәрде С витамині және басқа да витаминнің көрсеткіші).

Тамақтану статусын бағалауды анықтаудың биохимиялық (зертханалық) көрсеткіштері ұсынылады:

- жалпы белок;
- альбумин – тұрақты болжаушы маркер болып табылады.
- трансферрин – қан сары суында оның төмендеуі белокты тамақтанудың ерте өзгерістерін анықтауға көмектеседі.
- лимфоциттердің абсолютті саны – белокты жеткіліксіздік деңгейі мен иммундық жүйе жағдайын лимфоцит санымен бағалау.
- кез келген микробты антигенмен терілік сынама иммуносупрессияны дәлелдейді.
- азотты балансты бағалау (АБ).

Науқастың энергияға қажеттілігін анықтау үшін Харрис-Бенедикт теңдеуін пайдалануға болады (кесте 1). Формуласы мынадай:

Энергияға қажеттілігі (ЭЖ) = негізгі алмасу шамасы (НАШ) x белсенділік факторы (БФ) x Температура факторы(ТФ) x зақымдалу факторы (ЗФ) x Дене салмағының аздығы.

Негізгі алмасу (ерлер) = $66,47 + (13,75 \times m) + (5 \times P) - (6,76 \times B)$

Негізгі алмасу (әйелдер) = $655, 1 + (9,56 \times m) + (1,85 \times P) - (4,68 \times B)$,

мұндағы m - килограммдағы дене салмағы, P - сантиметрмен өсу, B - жылдардағы жас.

Кесте -1 Харрис-Бенедикт теңдеуін түзету коэффициенттері.

Температуралық фактор	Зақымдалу факторы	Дене салмағының жетіспеуі	Белсенділік факторы
38°C – 1, 1	Аз көлемдегі ота – 1,1	10–20% – 1,1	Төсек тәртібі – 1,1
39°C – 1, 2	Үлкен көлемдегі ота – 1,3	>20–30% – 1,2	Палаталық тәртіп – 1,2
40°C – 1, 3	Сынық- 1,2	>30% – 1,3	Жалпы тәртіп – 1,3
41°C – 1, 4	Перитонит – 1,4		
	Сепсис – 1,5		
	Полиатравма, бас-ми жарақаты – 1,6		
	Күйік 30% – 1,7 дейін		
	Күйік 30–50% – 1,8 дейін		
	Күйік 50–70% – 2,0 дейін		
	Күйік 70–90% – 2,2 дейін		

Денсаулық сақтаудың Дүниежүзілік ұйымының эксперттері белокты-энергиялық жетіспеушілігінің емдік көріністеріне келесіні жатқызады:

- Қаңқа сүйектерінің шығып тұруы
- Тері серпімділігінің жоғалуы
- Жіңішке, сирек, жеңіл түсетін шаш

- Тері мен шаштың депигментациясы
- Ісінулер, бұлшық еттің әлсіреуі
- Ой мен физикалық жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуі

Шын мәнінде, кез келген ауырлық дәрежесіндегі тағамдық жеткіліксіздігі бар науқасты анықтау тағамдық қолдаудың автоматты көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, тағамдық қолдауды «екінші» диеталық тамақтану ретінде емес, бірқатар нақты тұжырымдалған талаптарды қанағаттандыра отырып, емдеу процесінің маңызды құрамдастарының бірі ретінде қарастырған жөн. Тамақтануды қолдаудың негізгі принциптеріне мыналар жатады:

1. Уақытында бастау (тамақтану тапшылығы анықталса немесе операциядан кейінгі алғашқы 24-48 сағатта бастапқы қалыпты тамақтану жағдайымен);

2. Процедураның жеткілікті ұзақтығы (тамақтану жағдайы қалыпқа келтірілгенге және науқас жағдайының оң динамикасына қол жеткізілгенге дейін);

3. Инъекциялық энергия тасымалдаушылар мен пластикалық субстраттар мөлшерінің пациенттің энергия мен ақуызға деген қажеттілігіне сәйкестігі;

4. Макро- және микроэлементтердің құрамы бойынша қоректік заттардың жеткіліктілігі және балансы.

5. Нақты клиникалық жағдайға сәйкес қоректік заттарды енгізу әдісін дұрыс таңдау (пер OS тамақтану, асқазан түтігі немесе энтеральды тамақтану, парентеральды тамақтану).

Егер науқас қажетті тағамдық және энергиялық заттармен жеткіліксіз қамтамасыз етілген жағдайда (айталық тамақтанбаса немесе мүмкіндігі болмаса), науқастар үшін нутритивтік қолдау жоспарланған хирургиялық араласудан 2 апта бұрын тағайындалады. Науқас 5-7 күннен артық тамақ іше алмаса немесе ≥ 10 күн бойына ұсынылатын ақуыздың және энергия тұтынуының $<60\%$ -ын құраса, нутритивтік қолдау тағайындалу керек.

Жеткіліксіз тамақтану диагнозы келесі көрсеткіштердің негізінде қоюға болады:

- 10% артық дене салмағының төмендеуі;
- 35г/л төмен қан альбуминінің төмендеуі;
- 1800 төмен лимфоциттердің абсолютты санының төмендеуі
- Соңғы 3 айдың ішінде дене салмағының 10% артық төмендеуі.

Қорытынды. Сонымен хирургиялық науқастарда нутритивтік жетіспеушілікті диагностикалаудың негізгі бағытының бірі ол кешенді терапия тағайындар алдында нутритивтік мәртебесін, нутриенттік қолдаудың мақсаттылығы мен тиімділігін және нутритивтік жетіспеушілікте «мінсіз (идеалды)» параметрін бағалау керек.

Әдебиеттер

1. Лейдерман И.Н., Грицан А.И., Заболотских И.Б. и др. Метаболический контроль и нутритивная поддержка у пациентов на длительной искусственной вентиляции легких (ИВЛ). Клинические рекомендации// Анестезиология и реаниматология 2019.- №4.- с. 5-19 <https://doi.org/10.17116/anaesthesiology20190415>

2. Тутельян, В. А Нутрициология и клиническая диетология /под ред. Тутельяна В. А., Никитюка Д. Б. - Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2020. - 656 с.

3. Руководство по клиническому питанию / В. М. Луфт, В. С. Афончиков, А. В. Дмитриев и др. — СПб., 2016. — С. 112.

4. Костюченко, М. В. Особенности коррекции белково-энергетической недостаточности при хирургическом эндотоксикозе / М. В. Костюченко // Хирургия. Приложение к журналу Consilium Medicum. — 2014. — № 1. — С. 20— 23.

5. Герилевич, Л. В. Нерешенные вопросы нутритивной поддержки в онкохирургии / Л. В. Герилевич, И. Н. Лейдерман, О. Г. Еремеева // Вестник интенсивной терапии. — 2014. — № 1. — С. 45—49.

6. Preoperative immunonutrition and its effect on postoperative outcomes in well-nourished and malnourished gastrointestinal surgery patients: a randomized controlled trial / L. A. Barker, C. Gray, L. Wilson et al. // Eur J Clin Nutr. — 2013. — № 67. — P. 7.

7. Berger, M. M. Development and current use of parenteral nutrition in critical care — an opinion paper / M. M. Berger, C. Pichard // Critical Care. — 2014. — № 18 (4). — P. 478.

8. Nutritional Assessment in Critically Ill Patients / N. Hejazi, Z. Mazloom, F. Zand et al. // Iranian Journal of Medical Sciences. — 2016. — 41 (3). — P. 171—179.

9. Терехин С.П., Ахметова С.В., Лапшина Л.Н., Амреева К.Е., Халықтың әртүрлі топтарының тамақтануын зерттеу және бағалау.- /учебно-методическое пособие. - Караганда: 2011. - 124 с.

Резюме

Амреева К.Е., Шайхина Ж.Г.

Методы оценки нутритивной недостаточности у хирургических больных Школа общественного здоровья и биомедицины, МУК «Карагандинский медицинский университет».

В ряде зарубежных исследований при скрининге нутритивного статуса хирургических больных констатируется, что от 30 до 69% больных страдают нутритивной недостаточностью и нуждаются в обязательной нутритивной терапии. В данной статье предлагается оценивать нутритивный статус организма больного в связи с потребностью в питательных веществах и энергии, определять антропометрические, биохимические и иммунологические показатели.

Ключевые слова: нутритивный статус, методы, больные, недостаточное питание, белково-энергетическая недостаточность.

Summary

Amreyeva K.E., Shaikhina J.G.

Method of assessment of nutritional deficiency in surgical patients School of Public Health and Biomedicine, MUC " Karaganda medical university ".

In a number of foreign studies, when screening the nutritional status of surgical patients, it was stated that from 30 to 69% of patients suffer from nutritional deficiency and require mandatory nutritional therapy. This article proposes to assess the nutritional status of the patient's body in connection with the need for nutrients and energy, to determine anthropometric, biochemical and immunological parameters.

Key words: nutritional status, methods, patients, malnutrition, protein-energy malnutrition.

Авторлар туралы мәлімет:

1. Амреева Кымбат Ералиевна - КЕАҚ «ҚМУ» қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің қауымдастырылған профессоры, м.ғ.к. Amreeva@kgmu.kz.

2. Шайхина Жанат Кабдуллаевна - КЕАҚ «ҚМУ» қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебінің ассистент профессоры Zhanat_shajxina@mail.ru

Орынтаева Г. – ҚДС, 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: м.ғ.к. Ескерова С.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қаласы, Қазақстан

ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ

Өзектілігі: Медициналық мамандық адам денсаулығына (оның ішінде репродуктивті денсаулығына), психикалық денсаулыққа және әлеуметтік әл-ауқатқа нұқсан келтіретін биологиялық факторлардың, стрестің, дене белсенділігінің және т.б. әсер етуімен сипатталатындығы белгілі.

Ресей ғалымдары жүргізген ғылыми зерттеуінде жұмыс күнінің соңына қарай иммунитеттің әлсіреуі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау қызметтері, перзентханалар, сондай-ақ жедел жәрдем және күйік орталықтары қызметкерлері арасында байқалатындығын дәлелдеді. Жалпы алғанда, әдебиеттерде медициналық қызметкерлердің негізгі кәсіптерінің еңбек жағдайлары P2.2.2006-05 нұсқаулығының көрсеткіштері бойынша зияндылықтың 3.2–3.3 сыныптары ретінде және эпидемия кезінде жоғары жұмыс жүктемесінің, стрестің, жеке қорғаныш құралдарының пайдалану жағдайында және т.б., еңбек жағдайларында өте зиянды және экстремалды 3.4-4 сыныптары ретінде бағалануы мүмкін[1]. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары олардың жоғарылағанын атап өтсе де, медициналық қызметкерлер арасында аурушаңдық пен өлім-жітім бойынша нақты статистикалық мәлімет жоқ.

Басқада ғалымдардың жүргізген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша емдеу мекемелерінде жұмыс жасайтын медицина қызметкерлері арасында қалыптасқан еңбек жағдайына байланысты негізінен кәсіби жұқпалы аурулар 88,9%, оның ішінде вирусты гепатит 20,5%, туберкулёз 68,4% диагностикаланған. Ал 2020 жылы медицина мамандарының арасында биологиялық фактордан көп таралған кәсіби ауру – бұл COVID-19 ауруы болды[2]. Сонымен бірге, медицина маманында әкімшілік маманына қарағанда мазасыздық, үрей және депрессия жиірек байқалды[3]. Емдеу мекемелерінде пандемия кезінде медицина мамандары «психологиялық жану» жағдайында еңбек етті. Оны медицина мамандары арасында белгілі «Дәрігер анықтамасы» мобильді қосымшасының командасы сұрақнама арқылы анықтады. Сұрақнама қорытындысы бойынша респонденттердің, корнавируспен ауырған науқастармен жұмыс жасағандарының 30%-ы шаршауына байланысты жұмыстан шығуға ниет білдіргендер, 37% эмоционалдық күйзелістен денсаулығында кінәрат пайда болғандығы анықталды. Зерттеуге барлығы 2822 респондент қатысқан, оның 90% дәрігерлер, 611 маман сол кезде «қызыл аймақта» жұмыс жасаған[4].

Медициналық қызметкерлердің еңбегін қорғаудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі өндірістік қауіптерден – медицина қызметкерлерінің денсаулығына қолайсыз әсер ететін факторлардан қорғау болып табылады[5]. Осы жағымсыз факторларды тудыратын қызметтің рұқсат етілген шарттарынан ауытқулар еңбек өнімділігіне кері әсер етеді, әл-ауқатты нашарлатады, жарақаттарға, әртүрлі ауруларға алып келеді.

Инфекциялық саладағы медицина қызметкерлерінің жұмысы адам қызметінің ең күрделі және жауапты түрлерінің бірі болып табылады. Ол елеулі интеллектуалдық жүктемелермен, ал кейбір жағдайларда үлкен физикалық күшпен сипатталады. Инфекциялық бейінді медицина қызметкерлерінің жұмысы көбінесе экстремалды жағдайларда жоғары көңіл бөлу, төзімділікті және жоғары жұмыс қабілеттілігін талап етеді. Сонымен, жүргізілген ғылыми зерттеулерді зерделей отырып, бүгінгі таңда медицина мамандарының еңбек жағдайына толығымен гигиеналық зерттеу жүргізудің өзектілігі еш уақытта жойылмақ емес.

Зерттеу мақсаты: халыққа медициналық көмек көрсететін емдеу мекемелерінде медицина қызметкерлерінің еңбек ету ортасын гигиеналық тұрғыдан бағалау.

Зерттеу міндеті: Емдеу мекемелеріндегі медициналық қызметкерлердің еңбек ету ортасына гигиеналық сипаттама беру.

Зерттеу нысаны: Шымкент қаласының емдеу мекемелері: №3 қалалық емхана мен қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы.

Зерттеу нәтижесі: Біздің медицина мамандарына жүргізген сауалнамаға барлығы 176 респондент жауап берді, оның ішінде жұқпалы аурулар ауруханасынан 101 маман, №3 емханадан 75 маман қатысты. Сауалнамаға қатысқан 176 медицина қызметкерлерінің 19 (10,8%) ер адам, 157 (89,2%) әйелдер болды. Жұқпалы аурулар ауруханасынан 101 респондент қатысты, оның ішінде 84 әйел және 17 ер адам қатысты, сәйкесінше пайыздық көрсеткіші 16,83% және 83,17% құраса, №3 емханадан 73 әйел және 2 ер адам қатысты, пайыздық көрсеткіші сәйкесінше 97,4% және 2,6% құрады (кесте 1). Сонымен бірге респонденттердің ішінде 40 (22,72%) жоғары медициналық білімі бар, қалған 136 (77,28%) кәсіби орта білімі бар. Сауалнамаға қатысқан медицина мамандарының жас құрамын зерделеу нәтижесінде: 31-40 жас - 41 , 41-50 жас- 48 және 51-60 жас - 27 маман жас топтарына жатқызылды, сондай-ақ мамандар арасында жасы 61-ден жоғары мамандар кездеспеді.

Кесте 1 – Медицина мамандарының жас-жыныстық құрылымы

Жас топтары	Жынысы				Барлығы	
	Ерлер саны		Әйелдер саны		Абс. сан	%
	Емхана	Аурухана	Емхана	Аурухана		
21-30 жас	-	-	25	16	41	23,3
31-40 жас	1	4	28	15	48	27,3
41-50 жас	-	8	17	35	60	34,1
51-60 жас	1	5	3	18	27	15,3
61-70 жас	-					
Барлығы	2	17	73	84	176	100

№3 емхана мен жұқпалы аурулар ауруханасының медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайы мен еңбек үрдісі екі аталған медициналық ұйымдардың көрсететін қызмет түріне байланысты болады. Өйткені емхана әртүрлі аурулармен сырқаттанған өз аяқтарымен жүруге мүмкіндіктері бар немесе жедел жәрдем шақырған науқастарға алғашқы медициналық жәрдем көрсетеді. Өз кезегінде жұқпалы аурулар ауруханасы қауіпті және аса қауіпті аурулармен сырқаттанған науқастарға арнайыландырылған медициналық көмек көрсететін мекеме болып табылады. Сол себепті екі мекемеде де жұмыс жасайтын медицина мамандарының еңбек ету ортасы мен еңбек үрдісі бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы болады, бұған қоса, әрбір емдеу-профилактикалық мекемелерінің түріне байланысты, атап айтсақ туберкулезге қарсы аурухана, тері-венерологиялық диспансер, эндокринология диспансері, кардиология орталығы және тағы басқа мекемелерде еңбек ететін мамандардың еңбек жағдайлары өзара ерекшеленеді. Осы ерекшеліктерді біз зерттеу барысында ашуға тырыстық. Жоғарыда аталған медицина мекемелерін зерттеу нысаны ретінде алуымыздың себебі бүкіләлемдік пандемия кезеңінде жұқпалы аурулар ауруханасының және емханалардың маңызы өте жоғары болды.

№3 емхананың және аурухананың медициналық дәрігерлерінің тәуліктік жұмысының хронометражы, ең көп атқаратын жұмыс түрлері мен уақыт шығыны 2-кестеде көрсетілді. Жалпы тәжірибелік дәрігерлердің және басқада маман-дәрігерлердің жұмыс уақыты 6 және 8 сағаттық, олар жылжымалы кестемен аптаның күндеріне қарай емхана кабинетінде бір күндері таңертен, кей күндері түстен кейін жұмыс жасайды. Өйткені жалпы тәжірибелік дәрігерлер сағат 8.00-ден 12.00-ге дейін емханада, ал 14.00-ден 17.00-ге дейін үйге шақыртуларға барады. №3 емхананың дәрігерлері жұмыс уақытының 300±10 минутын (67%)

науқастарды қарауға, 30±5 минутын (11%) жиналыстарға қатысуға, 40±5 минутын (14%) компьютерге ақпарат енгізуге жұмсайтындығы анықталды.

Кесте 2. Дәрігерлердің тәуліктік жұмыс хронометражы бойынша көп уақыт шығындайтын жұмыс түрлері

№	Орындалатын жұмыс түрлері	Шығындалатын уақыт, (M±m, мин)
Жұмыстың басталуы 8 ⁰⁰ - 12 ⁰⁰ немесе 14 ⁰⁰ -17 ⁰⁰		
<i>Емхана</i>		
1	Науқастарды қарау	300±10
2	Жиналыстарға қатысу	30±5
3	Компьютерге ақпарат енгізу	40±5
<i>Аурухана</i>		
4	КМАЖ порталына ақпараттарды енгізу	50±10
5	Бөлімшедегі ауқастарды қарау	120±10
6	Жаңадан түскен науқастарды қабылдау	120±10

Еңбек ету жағдайын гигиеналық бағалау мақсатында біздер жұқпалы аурулар ауруханасында еңбек ететін мейірбикелердің бір күндік хронометражын салыстыра отырып, ерекшеліктерін зерттедік. Мейірбикелердің негізгі жұмыс уақыты 8 сағаттық. Сауалнама барысында анықталғандай №3 емхана мейірбикелерінің уақыт шығынын көп жұмсайтын жұмыс түрлері науқастарды қабылдауда дәрігерге көмектесуге 210±10 минутын, медициналық картаны толтыруға 60±10 минутын, ем-шара жасау мен компьютерге ақпарат енгізуге 40±5 минуттан жұмсайды. Жұқпалы аурулар ауруханасының ЖРВИ бөлімшесі мейіргерлері өздерінің тәуліктік жұмыс уақытының басым бөлігін 120±10 минутын жазылған науқастарды шығаруға және тағы 120±10 бөлімшеге жаңадан түскен науқастарды қабылдауға, науқастарды емдеуге және диагностика бөлімшесіне шығарып салуға тәулігіне 60 минутын, сонымен бірге жұмыс соңында аусымды тапсыруға 1 сағат, яғни 60±10 минутын кетіретіні анықталды (кесте 3).

Кесте 3. Мейіргерлердің тәуліктік жұмыс хронометражы бойынша көп уақыт шығындайтын жұмыс түрлері

№	Орындалатын жұмыс түрлері	Шығындалатын уақыт, (M±m, мин)
<i>Емхана</i>		
1	Медициналық картаны толтыру	60±10
2	Науқастарды қабылдау	210±10
3	Ем-шара жасау	40±5
4	Компьютерге ақпарат енгізу	40±5
<i>Аурухана</i>		
1	Жазылған науқастарды шығару	120±10
2	Жаңадан түскен науқастарды қабылдау	120±10
3	Аусымды тапсыруға дайындық	60±10
4	Науқастарға емдеу жұмыстарын жүргізу және диагностика бөлімшесіне алып бару	60±10

Сондай-ақ, емхана мен аурухана мамандарының атқаратын еңбек түрлерінің бір ұқсастығы бұл екі мекемеде мейіргерлер тәуліктік жұмыс уақытының басым бөлігін науқастарды қабылдауға сәйкесінше 44% және 22,2% шығындайтыны анықталды. Сонымен бірге, атқаратын еңбек түрлерінің ерекшелігіне келсек, жұқпалы аурулар ауруханасы бөлімшелеріндегі мейіргерлер жазылған науқасты стационардан шығаруға дайындау, оны шығаруға 22,2%, науқастарды қабылдап алуға 22,2 %, сонымен бірге науқастарға тағайындалған емдерді жүзеге асыруға 11,1%, тағам тасуға 17% және диагностика бөліміне шығарып салуға 17% уақытын жұмсайды. №3 емхана мейіргерлері бейініне қарай медициналық картаны толтыруға 26% жұмсайды, компьютерге ақпараттар ендіруге 10% және ем-шара жасауға 10,% уақытын шығындайды.

Қорыта келе, мейіргерлердің атқаратын еңбек түрлерінің ұқсас әрі айырмашылықтары бар. Өйткені зерттеу жүргізілген емдеу мекемесінің бірі стационар, екіншісі емхана. Екіншіден аталмыш нысандарда санитариялық-эпидемиологиялық режим, әсіресе жұқпалы аурулар ауруханасында қатаң әрі міндетті түрде сақталуда. Бұл өз кезегінде мейірбикелердің еңбек ету жағдайына ықпал етеді. Үшіншіден екі мекеменің дәрігерлері мен мейіргерлерінің жұмысының айырмашылығы өте айқын көрінеді. Атап айтсақ, №3 емхананың жалпы тәжірибелік дәрігерлері жұмысын сағат 8.00-ден 12.00-ге дейін емханада, ал 14.00-ден 17.00-ге дейін үйге шақыртуларға барады. Мейіргерлерде үйге шақыртуға дәрігермен бірге барады.


Біздің жүргізген зерттеу нәтижесіне сай жылдың жылы мезгілінде жұқпалы аурулар ауруханасының палаталарында ауа температурасы 22,9°С, салыстырмалы ылғалдылығы 50,9 %, ауа қозғалыс жылдамдығы 0,15 м/с және жұмыс кабинеттерінде ауа температурасы 19,8°С, салыстырмалы ылғалдылық 51,0 % және ауа қозғалыс жылдамдығы 0,19 м/с сәйкес келді, ал №3 қалалық емхананың бөлмелерінде 21,6±1,4 Цельсий градусты, салыстырмалы ылғалдылығы 55,0±3,2% және 0,2±0,04 м/с екенін анықтадық, бұл көрсеткіштер санитариялық-гигиеналық нормативтерге сай емес (кесте 5). Ауруханада дәрігерлер бөлмесінде ауаның температурасының орташа мәні 19,8±1,3 градус Цельсийді көрсетті, яғни дәрігерлердің қимылсыз ұзақ отырып жұмыс жасау кезінде бөлме салқын болып, олардың тоңуына алып келеді.

Кесте 5. Бөлме-жайлардың микроклиматтық орташа көрсеткіштері

Өлшеу орны	Ауа температурасы, (M±m) °C		Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, (M±m) %		Ауаның қозғалыс жылдамдығы, (M±m) м/сек	
	Іс-жүзінде	Рұқсат етілген	Іс-жүзінде	Рұқсат етілген	Іс-жүзінде	Рұқсат етілген
<i>Аурухана</i>						
Дәрігерлер кабинеттері	19,8±1,3	20	51,0±3,5	35-60	0,19±0,02	0,15-0,2
Ем-шара бөлмелері	21,66±1,6	20-24	54,5±2,2	35-60	0,15±0,02	0,15-0,2
Палаталар	22,9±1,7	20-24	50,9±2,0	35-60	0,17±0,01	0,15-0,2
<i>Емхана</i>						
Дәрігерлер кабинеттері	21,6±1,4	20	55,0±3,2	35-60	0,2±0,04	0,15-0,2
Ем-шара бөлмелері	20,4±1,5	20-24	52,5±2,0	35-60	0,17±0,02	0,15-0,2

Медицина мамандарының еңбек ету ортасында сол кәсіпке тән өндірістік зиянды факторлар болады. Біз жүргізген сауалнамада медицина қызметкерлері субъективті түрде зиянды деп, өздерінің ағзаларына кері әсер ететін еңбек ету ортасындағы зиянды факторларына: шамадан тыс жүйке-эмоционалдық жүктеме, инфекцияны жұқтыру қаупі, компьютермен жұмыс, науқастармен жұмыс, жоғары жауапкершілік, құжаттармен монотонды жұмыс, талаптың жоғары болуы, физикалық жүктеме, химиялық факторларды жатқызды.

Сауалнама нәтижесінде медицина мамандарының жауабынан негізгі 7 қолайсыз фактор зиянды деп анықталды. Олардың алатын үлес салмақтары 1-диаграммаға сәйкес: ауруханада инфекцияны жұқтыру қаупі - 37%; компьютермен жұмыс - 12%; химиялық фактор - 25%; жүйке-эмоционалдық жүктеме - 13%; жоғарғы жауапкершілік -12% көрсетті және №3 емханада: адамдармен жұмыс - 9%; аз қимылды жұмыс -10 %, инфекция жұқтырып алу қаупі – 28,7%, компьютермен жұмыс – 7,6 %; құжаттармен монотонды жұмыс – 6,4 %; жоғары жауапкершілік – 8,7%; эмоционалды шамадан тыс жүктеме – 30,6%; шектен тыс талап -1,2 % көрсетті.



1-диаграмма. Зиянды өндірістік факторлардың үлес салмағы, %

Қорытынды: №3 қалалық емхана мен жұқпалы аурулар ауруханасының медициналық қызметкерлерінің еңбек ету ортасына гигиеналық тұрғыдан талдау жасалып, сипаттама берілді. Сауалнама нәтижесінде медицина мамандары қолайсыз зиянды фактор ретінде: ауруханада инфекцияны жұқтыру қаупі - 37%; компьютермен жұмыс - 12%; химиялық фактор - 25%; жүйке-эмоционалдық жүктеме - 13%; жоғарғы жауапкершілік - 12% көрсетті. №3 емханада: адамдармен жұмыс - 9%; аз қимылды жұмыс -10 %, инфекция жұқтырып алу қаупі - 28,7%, компьютермен жұмыс - 7,6 %; құжаттармен монотонды жұмыс - 6,4 %; жоғары жауапкершілік - 8,7%; эмоционалдық шамадан тыс жүктеме - 30,6%; шектен тыс талап -1,2 % көрсетті. Сондықтан емдеу мекемелерінде еңбек ету ортасын оңтайландырып және дезинфекциялық режимді күшейтіп, санитариялық-эпидемиологиялық шараларды іске асырылуын үнемі қадағалап отыру қажет.

Әдебиеттер

- 1.Рекомендации для медицинских работников, находящихся в условиях повышенных психоэмоциональных нагрузок в период пандемии COVID-19.-Москва.- 2020. - 46с.
- 2.Дудинцева Н.В. Научное обоснование мониторинга профессиональных заболеваний медицинских работников: дис. канд. мед. наук.- Москва.- 2015. - 172 с.

3. Труфанова Н.Л. Социально-гигиеническая оценка здоровья врачей: дис.канд. мед. наук: - Новосибирск.- 2015. - 174 с.

4. Wang C, Pan R, Wan X, et al. Immediate Psychological Responses and Associated Factors during the Initial Stage of the 2019 Coronavirus Disease (COVID-19) Epidemic among the General Population in China. Int J Environ Res Public Health. 2020. - 17(5): p. -1729.

5. «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1053 бұйрығы (09.12.2020 өзгерістермен).

АӨЖ 613.2.035

Хасенова Г.Х.¹, Қожахметова А.Н.¹, Рыстигулова Ж.Б.², Шертаева А.Ж.³

¹С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ, «Нутрициология» кафедрасы, ²ОҚМА, «Гигиена және эпидемиология» кафедрасы, ³Әл-Фараби атын.ҚазҰУ, «Клиникалық пәндер» кафедрасы

COVID-19 АУРУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БРОНХОПНЕВМОНИЯ КЕЗІНДЕ ТАМАҚТАНУДЫҢ РӨЛІ

Түйін

Қазақстандағы коронавирусы жайлы ресми ақпараттарға сүйенсек, 2020 жылдың 13 наурызынан бастап осы күнге шейін, коронавирустық инфекция белгілері бар пневмониямен жалпы ауырғандар саны – 90025, жазылып шыққандар саны – 84530, және 5358 өлім жағдайы тіркелді. Соңғы 2022 жылдың 21 қыркүйегіндегі мәліметке сүйенсек, коронавирустық инфекция белгілері бар пневмонияның 7 жағдайы тіркелді. Оған қоса 11 адам емделіп шықты. Бұл көрсеткіштер әлі де жалғасып жатқандықтан, алдын алу профилактикасы мен шараларын күшейту керек.

Қазір бүкіл дүние жүзінде және Қазақстанда тараған COVID-19 індеті кезінде тамақтану ерекшеліктері мен ас мәзіріндегі кейбір тағам түрлерінің осы дерт кезіндегі ерекше емдік қасиеттері айтылған.

Кілт сөздер: бронхопневмония, COVID-19, емдік тамақтану ерекшеліктері.

Қазақстан республикасының денсаулық сақтау министрлігінің коронавирусы жайлы ресми ақпараттарына сүйенсек, 2020 жылдың 13 наурызынан бастап осы күнге шейін, коронавирустық инфекция белгілері бар пневмониямен жалпы ауырғандар саны – 90025, жазылып шыққандар саны – 84530, және 5358 өлім жағдайы тіркелді. Соңғы 2022 жылдың 21 қыркүйегіндегі мәліметке сүйенсек, коронавирустық инфекция белгілері бар пневмонияның 7 жағдайы тіркелген. [1]. Аурушылдық көрсеткіштері әлі де жалғасып жатқандықтан, алдын алу профилактикасы мен сақтық шараларын қадағалау аса маңызды.

Індеттің алдын алу профилактикасына адамның қорғаныс күшін жақсарту (иммунитетті), дұрыс тамақтану, денсаулықты нығайту, қосарласқан ауруларды өз уақытында емдеу, асқынулардың алдын алу, қауіп-қатер топтардағы адамдарды қадағалау, санитариялық – гигиеналық талаптарды орындау жатады. Сонымен қатар,

Республикамыздың ғалымдарына осы індетті зерттеу мақсатында, мемлекет деңгейінен қаржылық бағдарламаларды көбейту мен жүзеге асыруды қолдаудың маңызы зор.

Салауатты иммунитет адекватты емдәм мен үйлесімді тамақтануға байланысты. Мысалы, ақуызды жеткілікті мөлшерде қабылдау антиденелердің оңтайлы өндірісін қолдап, D дәрумені антиденелер шығаратын жасушаларды белсендіреді, ал А дәрумені Т жасушаларының көбеюін ынталандырады. Көптеген клиникалық дәлелдер дәрумендер (мысалы, А, В 6, В 12, С, D, Е және фолат), микроэлементтер (мысалы, мырыш, темір, селен, магний және мыс) және омега-3 май қышқылдары (мысалы, эйкозапентаген қышқылы және докозагексаген қышқылы) қосымша рөл атқарады.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирус ас қорыту жолының жасушаларын зақымдап, қабыну реакциясын шақырады, сондықтан диарея, іштің ауырсыну сезімі, жүрек айнуы, тәбеті төмендеп, құсу белгілері дамыған. Сонымен қатар, дәммен иіс сезу қабілеті бірге бұзылуын, ғалымдар COVID-19 қоздырғышы иіс сезу органдарындағы бокал жасушаларының жұмысы тежеулімен байланыстырады.

Коронавирусты пневмониямен ауырған науқастарда қант диабеті, артериалдық гипертензия және семіздік аурулары қосарласқан жағдайда, ауыр дәрежеде өту себептері – иммунитеттің төмендеуінен, психо-неврологиялық симптомдардың - қобалжу, қорқу, үрей туындап, орталық жүйке жүйесінің қозуынан гормондардың өндірілуі артып, қорқыныш сезімі күшейген.

Ғалымдардың зерттеу мәліметтері бойынша, «COVID-19» диагнозы қойылған науқастардың жоғары ДСИ мен өлім қаупі арасында айқын байланыстың болуы және өлімге әйелдер мен қарт адамдарға қарағанда, жас және ерлер көбірек байқалады». [7]

Осындай індет кезінде тағамдар мен азық-түліктердің дұрыс таңдалуы және тағайындалуы маңызды болды. Себебі, негізгі емнің тиімділігін арттыру үшін немесе басқа да қосарласқан аурулардың алдын алып, иммунитетті жоғарылату үшін пайдалы тағамдарды тұтыну маңызды [2].

Тағам - бұл организм үшін азық, қуат және емдік қасиетке ие болып табылатын қоректі заттек көзі. Ал дұрыс тамақтану әрбір науқастың қалыпты сау жағдайына және күнделікті тіршілік ортасына оралуына көп үлесін қосады. Тағамның негізін құрайтын ақуыздар, майлар, көмірсулар, витаминдер мен минералдардың адам ағзасында атқаратын қызметі өте маңызды.

Осы коронавирусты бронхопневмония кезінде тұтынылған тағамдар тізіміне тоқталатын болсақ, лимон, апельсин, мандарин, алма, қарақат, кивисияқты жеміс-жидектер, көкөністерден-тәтті бұрыш, аскөктер, ақжелкен, жасыл пияз, сәбіз, сүт өнімдерінен- қымыз, шұбат, құрт, майсыз сүт, сүзбе, қаймақ, сүт, айран, йогурт, қатты ірімшіктер, ет өнімдерінен - майлы балық, бұзау, тауық, қой еттері және олардан жасалған сорпалар, мейіз, мүкжидек пен итмұрын қайнатпалары, шырындар, өсімдік майларынан күнбағыстан басқа, зығыр, зайтүн майлары, әртүрлі жармалар және зімбір тамыры жиі қолданылып, сұранысқа ие болған [3]. Олардың құрамындағы пайдалы нутриенттер профилактикалық және емдік қасиеттерінің арқасында ағзаның қарсы тұру күшін нығайтады.

Цитрусты жемістердің құрамында органикалық қышқылдардан басқа А, К, С витаминдері, калий, магний, темір, фосфор, натрий және кальций минералдық элементтері болады. Негізгі микронутриенттердің көп мөлшерде болуы, осы жетіспеушіліктің орнын толтыруға көмектеседі. Әсіресе, иммундық жүйенің жұмысына қажетті С дәрумені туралы ерекше айтуға болады. Сонымен қатар, цитрустардың құрамында микробтар мен вирустарға қарсы әсер ететін фитоцидтер, табиғи антисептиктер болса, қабығында кездесетін 1-2% эфир майы тәбетті жоғарылатуға бірден-бір көмек болып табылады. Ыстықсусындарға лимонның шырынын қосып қолдану, қақырықты сұйылтып,

жөтелді азайтуға көмектесе, құрамындағы цитрин мен пектин токсиндерді ағзадан шығаруға оңтайлы әсер ететіні анықталған.

Алма А, С, В1, В2, РР және Е дәрумендері, сонымен қатар магний, фосфор, йод, темір, селен, калий, кальций және мырыш сияқты минералдық элементтерінің көзі болып табылады.

Киви жемісінде С витамині цитрустарға қарағанда 2 есе көп және калий, К витамині, бета-каротин, фолат қышқылы т.б. заттар бар. Жалпы жемістердегі аскорбин қышқылы бронхтардың серпімділігі мен тонусын қамтамасыз етіп, минералдық элементтер өкпеде обструкция жағдайында оңтайлы әсер етіп, жазылуына көмектеседі. Сонымен қатар, аурудан болатын интоксикация кезінде науқастардың ағзасында В, Е дәрумендері мен калий, натрий, кальций жеткіліксіздігі орын алады. Осындай тершеңдік пен улану кезінде жоғалтқан заттектердің орнын толтыру үшін, жеміс-жидектер көп мөлшерде тұтынылған.

Қарақұмық, салат, ақжелкен, сәбіз, қырыққабат, інжір, ірімшік, сүт, йогурт, жас қалақай, інжірге, тұтас дәнді ұннан немесе кебек қосылған нанды тұтыну құрамындағы тағамдық талшықтардың көп болуымен түсіндіріледі. Тағамдық талшықтар заттек алмасудың қалдық өнімдерін, бос радикалдарды, зиянды қосылыстарды ағзадан шығаруға көмектеседі.

Аурудың өршуі кезінде болатын интоксикацияға қарсы антиоксиданттық, яғни тотығу үрдісіне оңтайлы әсер ететін айран, йогурт, қатық, минералды суды (газдалған емес) тұтыну ұсынылады.

Ет пен балықтан майсыз сорттарды таңдау керек. Бұл өнімдер толыққұнды ақуыздардың көзі болғандықтан, алмасу үрдісіне қажетті алмастырылмайтын амин қышқылдарымен қамтамасыз етеді және қабынуға қарсы әсер етеді.

Тер бездерінің жұмысын күшейту үшін тағамдық гипергидрозды экстрагенттерге бай тағамдар: ащы, дәмдеуіштері мен татымдықтары мол тағамдар жиі тұтынылған.

Егер қосарланған бүйрек және жүрек ауруларының тарапынан шектеу болмаса сұйықтық мөлшерін тәулігіне 2-2,5 л дейін көбейту қажет.

Пайдалы сусындардың ішінде көп қолданылғаны - итмұрын қайнатпасын айтуға болады. Ол сусызданудың алдын алу және иммунитетті жоғарылатуда құрамындағы дәрумендер кешенімен түсіндіріледі. Итмұрында С, В тобы, Е, РР, дәрумендері және бета-каротин бар. Аскорбин қышқылы тотығу - тотықсыздану үрдісіне қатысып, күшті антиоксиданттық қасиетке ие. Сонымен қатар, гемоглобиннің түзілуіне, эритроциттердің өндірілуіне, фолий қышқылының метаболизміне қатысып, темірдің ас қорыту жолында сіңуін жоғарылатады, қанның коагуляция процесіне қатысады. Коронавирустық инфекция кезінде С дәрумені ағзаның спецификалық емес қарсылығын ынталандырып, тіндердің регенерациясы мен гормондардың синтезін күшейту, тамырлардың өткізгіштігін төмендету арқылы өзінің қабынуға қарсы қызметін көрсетеді [4,5].

Індет кезінде жоғары сұранысқа ие болған саумал мен қымыз. Бие сүтінің құрамындағы аскорбин қышқылының, лизоцимнің, лактоферриннің, иммуноглобулиндердің жоғары мөлшерде болуы оның иммунитетті тұрақты ұстау немесе жоғарылатуға қатысын дәлелдейді. Әсіресе, созылмалы жұқпалы аурулар, жиі суық тию жағдайларын, ұзақ және созылмалы ауруларда, қатерлі ісіктердің алдын алуда және емдеуде өте тиімді. Бие сүтінің биологиялық құндылығы құрамындағы пайдалы ақуыз, май, көмірсудан басқа, дәрумендер мен минералдық элементтердің жоғары мөлшерде болуымен дәлелденген. Сонымен қатар, бие сүтінің құрамындағы С дәруменінің, бета-каротиннің, А дәруменінің, лизоцимнің жоғары деңгейі саумал мен қымыздың иммундық-биологиялық және тотығуға қарсы (антиоксиданттық) сипатын күшейте түседі.

Шұбат құрамында сиыр сүтіне қарағанда аскорбин қышқылы мен темір 10 есе көп болады. Құрамында холестерин мен майлардың мөлшері аз, ал ақуыздар мен қанықпаған май қышқылдары көп болады. Сонымен қатар, А және В тобының дәрумендері мен

кальций, калий, темір, мыс, магний, марганец, мырыш және фосфор бар. Алмастырылмайтын аминқышқылдары: лизин және лейцин құрамында кездеседі. Адам организмінде шұбат ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартып, бауырдың қабынуына қарсы әсер ететіні анықталған [6]. Осы қасиеттерінің бәрі жалпы иммунитеттің жоғарылауына ықпал етеді.

Зімбір – дәрумендер мен минералдарға бай. Атап айтсақ, А, В₁, В₂, В₃, С, Е, К дәрумендері және магний, фосфор, кальций, темір, мырыш, хром, марганец, кремний минералдық элементтері болады. Зімбір тамыры тромбоздың және бірқатар жүрек ауруларының алдын алуда және артрит сияқты буын ауруларында ауырсынуды азайтуға көмектесетіні тіркелген. Индет кезінде оның жиі қолданылуы тыныс алу жолдарының ауруларына қарсы емдік әсерімен түсіндіріледі. АҚШ-тағы Колумбия университетінің зерттеушілері зімбір тамырының бронх демікпесі бар адамдар үшін, тыныс алуды жеңілдететінін анықтаған. Бронхопневмония кезінде жөтелді шығаруға оң әсер көрсеткен және тамақ ауруы, мұрындағы қабыну үрдістерін емдеу және алдын-алу кезінде қосымша ем ретінде тиімді қолданылған.

Омега май қышқылдары- бөлек препарат ретінде немесе олардың көзі болып табылатын: ақсерке, майшабақ, тунец, скумбрия және сардина сияқты теңіз балықтарын тұтыну жиілеген. Омега-3 көпқанықпаған май қышқылдарына жатады, оның иммундық жүйеге пайдалы әсер ететінін, қабынуға қарсы өндірілетін гормондар – эйкозаноидтары арқылы іске асырылады. Адам организміне тәулігіне 1-7гр. Омега-3 май қышқылдары қажет, қажеттілікті толтыру үшін апталық ас мәзіріне 2-3 рет майлы балықты қосу жеткілікті болады. Сонымен қатар, Омега-6 және Омега - 9 май қышқылдарының қажеттілігін адам организмі күнделікті тұтынатын 20-25грамм өсімдік майынан алып отырады [6].

Бөлек қолданылған дәрумендер ішінде Д дәруменін ерекше айтуға болады. Вирустармен шақырылған қабынуға қарсы үрдістеріне белсенді қатысатыны анықталып, халықтың көп бөлігінде осы дәруменнің тапшылығы байқалған.

Кейбір тағамдар, керісінше, осы индет кезінде теріс әсерлеріне байланысты шектеуді талап етті. Ондай өнімдер қатарына кориандр, даршын, көп мөлшерде тұз, шоколад, кофе, тәттілер, энергетикалық, газдалған сусындар, қуырылған, ысталған, сүрленген, қуырылған, майлы тағамдар, фаст-фуд өнімдері, ішімдіктер тағы басқалар табылды. Бұл тізімдегі тағам түрлері индет кезінде үй жағдайында отырғандықтан, гиподинамияның салдарынан артық салмақтың артуына, сондай ақ, орталық жүйке жүйесінің жұмысын қоздырып, жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруларын өршітіп, не үрейдің күшеюіне ықпал ететіндіктен, сирек немесе мүлдем қолданбау ұсынылды [7].

Қорыта келгенде, кез-келген аурулардың кең таралуы және өршуі кезінде дұрыс ұсынылған және тағайындалған ас мәзірі негізгі емнің тиімділігіне оңтайлы әсер етіп, науқастың жазылуына айтарлықтай үлесін қосқан. Одан басқа, ремиссия кезінде немесе сау адамдар үшін салауатты тамақтану маңызды алдын алу шарасы ретінде кеңінен қолдануы дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Последние данные зарегистрированных случаев по коронавирусу - ситуация с коронавирусом официально www.coronavirus2020.kz
2. <https://www.euro.who.int/ru/health-topics/health-emergencies/coronavirus-covid-19/publications-and-technical-guidance/noncommunicable-diseases/food-and-nutrition-tips-during-self-quarantine>
3. Карамнова Н.С., Драпкина О.М. COVID-19 и питание: новые акценты, прежние приоритеты (обзор рекомендаций) // Кардиоваскулярная терапия и профилактика. Москва, 2020; Том 19, №3. С.327-330. <https://doi.org/10.15829/1728-8800-2020-2576>

4.https://tengrinews.kz/world_news/naydena-svyaz-ratsionom-pitaniya-smertnostyu-koronavirusa-413345/

<https://iz.ru/1055428/olga-kolentcova/osobennosti-natsionalnoi-diety-kak-eda-vliiaet-na-smertnost-ot-covid-19>

5. Рудченко И.В., Тыренко В.В., Качнов В.А. Питание — один из важных факторов профилактики и лечения сердечно-сосудистых заболеваний, обусловленных атеросклерозом. //Кардиоваскулярная терапия и профилактика. Москва 2020. Том 19, №3. <https://doi.org/10.15829/1728-8800-2020-2301>

6.Obesity and Mortality Among Patients Diagnosed With COVID-19: Results From an Integrated Health Care Organization. <https://www.acpjournals.org/doi/10.7326/M20-3742> 17.11.2020

Резюме

Хасенова Г.Х.¹, Қожахметова А.Н.¹, Рыстигулова Ж.Б.², Шертаева А.Ж.³

¹КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова, кафедра «Нутрициология», ²ЮКМА, кафедра «Гигиена и эпидемиология», ³КазНУ им.Аль-Фараби, кафедра «Клинических дисциплин»

РОЛЬ ПИТАНИЯ ПРИ БРОНХОПНЕВМОНИИ СВЯЗАННЫЕ С БОЛЕЗНЬЮ COVID-19

По официальной информации о коронавирусе в Казахстане, с 13 марта 2020 года по настоящее время, общее число заболевших пневмонией с признаками коронавирусной инфекции – 90025, выздоровевших – 84530, и зарегистрировано 5358 смертельных случаев. По данным на 21 сентября 2022 года, зарегистрировано 7 случаев пневмонии с признаками коронавирусной инфекции. Кроме того, вылечились 11 человек. Поскольку эти показатели все еще продолжают, необходимо усилить профилактику и меры профилактики.

В настоящее время во время эпидемии COVID-19, распространенной по всему миру и в Казахстане, описаны особенности питания и особые лечебные свойства некоторых видов пищи в меню.

Ключевые слова: бронхопневмония, COVID-19, особенности лечебного питания

SUMMARY

Khasenova G.Kh.¹, Kozhakhmetova A.N.¹, Rystigulova Zh.B.², Shertaeva A.Zh.³

¹KazNMU named after S.D. Asfendiyarov, Department of «Nutritionology», SKMA, Department of «Hygiene and Epidemiology», Department of «Clinical Disciplines»

THE ROLE OF NUTRITION IN BRONCHOPNEUMONIA ASSOCIATED WITH COVID-19 DISEASE

According to official information about coronavirus in Kazakhstan, from March 13, 2020 to the present, the total number of cases of pneumonia with signs of coronavirus infection is 90025, recovered – 84530, and 5358 deaths have been registered. As of September 21, 2022, 7 cases of pneumonia with signs of coronavirus infection were registered. In addition, 11 people were cured. As these indicators are still ongoing, prevention and prevention measures need to be strengthened.

Currently, during the COVID-19 epidemic, which is widespread around the world and in Kazakhstan, nutrition features and special medicinal properties of some types of food on the menu are described.

Keywords: bronchopneumonia, COVID-19, specificities of therapeutic diet

Содержание

Жиенбаев Е.Р., Бейсенов К.Т. КОРРЕКЦИЯ АНДРОГЕННОГО ДЕФИЦИТА У МУЖЧИН В КОМПЛЕКСНОМ ЛЕЧЕНИИ МЕТАБОЛИЧЕСКОГО СИНДРОМА	3
Агаева А.А., Изденова Н.Р. РАК МОЛОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ КАК САМЫЙ РАСПРОСТРАНЕННЫЙ ВИД ОНКОЛОГИЧЕСКИХ ЗАБОЛЕВАНИЙ	11
Аманбаев Т. У., Мизамов Д.М., Кумаров М. К., Әбдікерімұлы Д., Бекбосынова Г. Р., Абишев А. С. IN-VITRO ҰРЫҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА СПЕРМАТОЗОИДТАР МОРФОЛОГИЯСЫНЫҢ АДАМНЫҢ БАСТАПҚЫ ЭМБРИОГЕНЕЗИНЕ ӘСЕРІ	13
Мусина А.А., Амирсеитова Ф., Сулейменова Р.К., Макашева З.И. ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЙ ПОГРАНИЧНЫХ НЕРВНО-ПСИХИЧЕСКИХ РАССТРОЙСТВ И ХАРАКТЕР УЧЕБНЫХ НАГРУЗОК ШКОЛЬНИКОВ	18
Байғалиев А.А., Изденова Н.Р., Жижила С.А. ОЦЕНКА ВОСПРИЯТИЯ НАСЕЛЕНИЕМ ГОРОДА АКСУ ПРОБЛЕМЫ ХРОНИЧЕСКОГО ГЕПАТИТА С	24
Даулетов Ж., Шуленбаев А, Мусина А.,Ерденева Г.К. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУБЕРКУЛЕЗ БОЙЫНША ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ	26
<i>А.А. Исмаилова, А.А.Мусина</i> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОДГОТОВКИ ВРАЧЕЙ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «ГИГИЕНА, САНИТАРИЯ И ЭПИДЕМИОЛОГИЯ» В ОБЛАСТИ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ	31
Марат А. Ы., Амирсеитова Ф.Т. ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ БОЛАШАҒЫ	35
А.А.Мусина, А.С.Зейнолдина, З.К.Сұлтанбеков, Р.Қ.Сүлейменова, А.М.Мырзағалиева ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛІ АЙМАҚТАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	39
Мусина А.А., Белгибекова К.М., Мукашева К.М., Рымбаева З.С., Маликова Д. УРОВЕНЬ И ХАРАКТЕР ЗАГРЯЗНЕНИЯ ВОЗДУШНОГО БАССЕЙНА ГОРОДА ЖЕЗКАЗҒАН	44
Мұратбекова Ә. Т., Амирсеитова Ф. Т. ХИРУРГИЯЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	49
Мусина А.А., Аманова А.Д., Сулейменова Р.К., Амирсеитова Ф.Т., Зейнолдина А.С. ОЦЕНКА СОСТОЯНИЯ ЗДОРОВЬЯ РАБОТНИКОВ ГРУППЫ РИСКА АКТЮБИНСКОГО ЗАВОДА ФЕРРОСПЛАВОВ	53
Мүсірова А.Е. ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖАСТАҒЫ ТҮРҒЫНДАРҒА ЖЫНЫСТЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛЕТІН АУРУЛАРЫНА МЕДИЦИНАЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ	59
Султанбеков К.А., Мизамов Д.М. СОСТОЯНИЕ УРОАНДРОЛОГИЧЕСКОЙ СЛУЖБЫ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ	63
Амреева К.Е., Шайхина Ж.Г. ХИРУРГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРДА НУТРИТИВТІК ЖЕТІСПЕУШІЛІКТІ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ	70

Орынтаева Г., Ескерова С. ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУ	75
Хасенова Г.Х., Қожахметова А.Н., Рыстигулова Ж.Б., Шертаева А.Ж. COVID-19 АУРУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ БРОНХОПНЕВМОНИЯ КЕЗІНДЕ ТАМАҚТАНУДЫҢ РӨЛІ	80